



**0201000 «Құқықтану»  
Біліктілігі: 0201023 "Кеңесші заңгер"**

**Құқықтану** - арнаулы қоғамдық білімдер саласы. Бұл білімдер шегінде және осы білімдер арқылы мемлекеттік-құқықтық өмір шындығы теориялық-қолданбалы тұрғыдан игеріледі. Құқықтану тек құқықты, құқық жүйесін ғана емес, сонымен бірге мемлекетті және саяси жүйенің басқа да бөліктерін қамтитын білім салалары ретінде қалыптасты. Құқықтану ғылыми топшылауларда, ұғымдарда (болжамдар, теориялар, тұжырымдамалар) көрініс тапты. Құқықтанудың теориялық-қолданбалы сипатына қарай оның

мазмұнына ғылыми топшылаулар негізінде тұжырымдалып, құзырлы құқық шығарушы және құқық қолданушы органдарға, құқықтық тәрбиемен айналысатын ұйымдарға, азаматтарға жолданған ұсыныстар мен кепілдемелер, сондай-ақ көпшілікке арналып, оқулықта көрініс тапқан ғылыми материалдар да енгізілген.

**Кеңесші заңгердің кәсіптік құзіреттілігі:**

- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білу;
- Салалық заң ғылымының жалпы ережелерін білу;
- Құрылымдық бөлімшелер мен қоғамдық ұйымдарға әр түрлі құқық құжаттарын рәсімдеуге құқықтық көмек көрсету;
- Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелеріне құқықтың жұмыста әдістемелік көмек көрсету;
- Азаматтық құқықтық шарттарды, азаматтық процессуалдық және нотариалдық құжаттарды құрастыру әдістерін меңгеру;
- Көрсетілетін қызмет түрлерінің орындалу әдіс тәсілдерін жетілдіру.

**Мерзімі: 11 сыныптан кейін: 1 жыл 10 ай;  
9 сыныптан кейін: 2 жыл 10 ай.**